bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718***
2019

**БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП**

# Ашық сабақ "Дауыссыз к менг"

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 18.04.2019 | https://bilimger.kz/55782/ |

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

| | |
|---|---|
| **САБАҚ:**<br>**Дауыссыз к мен г**<br>**Достық- ұлы туымыз** | |
| **Күні: 18.10.2018ж.** | |
| **СЫНЫП: 2 «Д»** | |
| **Сабақ негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)** | |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар:** |
| | · Оқулықта берілген тапсырмаларды орындады, тақырыпты меңгерді. |
| | **Оқушылардың басым бөлігі:** |
| | · Тақырыпты ашып, дәлел келтірді. |
| | **Кейбір оқушылар:** |
| | · Білімді сыныптастарына түсіндіріп оқулықтан тыс ресурстарды қолданды. |
| Бағалау критерийі | Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады.<br>Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады. |
| Ресурстар | Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер. |
| Әдіс-тәсілдер | Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия. |
| Пәнаралық байланыс | Музыка, қазақ тілі,тарих. |
| **Жоспарланған**<br>**Уақыт** | **Жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар, ескертпелерді жазыңыз)** |
| Басталуы 5 минут | **Психологиялық ахуал қалыптастыру:**<br><br>Өсеміз біз, күліп ойнап<br>Он саусақтың саласындай<br>Өсеміз біз күліп ойнап<br>Бір адамның баласындай.<br><br>**Билеттер арқылы топқа бөлу.**<br>1 топ қ, к, п,с, т, ш (қатаң)<br>2 топ б, в, г, ғ, д, ж (ұяң)<br>3 топ л, м, н, ң, р, й (үнді) |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

| | |
|---|---|
| Ортасы 15 минут | **Тыңдалым. Жаңа сабақ.**<br>-Енді айтыңыздаршы кешегі сабақта қандай тақырыппен таныстық? **— Дауыссыз к мен г әрпі**<br><br>**-Олай болса,тыңдаған ережені еске түсірейік. Ереже:**<br>Сөз соңындағы к дыбысынан кейін дауысты дыбыс келсе, ол г-ге айналады: **түлек –түлегі, серік-серігі, жүрек -жүрегі**.<br><br>**Достық дегеніміз не?**<br>**Дос дегеніміз кім?**<br><br>**ҰЖ. 41-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқу.**<br><br>**Достық – ұлы туымыз**<br>**Дос, бауыр көп, Тілегі бір,**<br>**Тосқауыл жоқ, Жүрегі бір,**<br>**Айқара ашық есігі. Достармен біз біргеміз.**<br>**Ұлы Отаным, Туыс барда,**<br>**Гүл Отаным — Құрыштан да**<br>**Тыныштықтың бесігі. Берік біздің іргеміз.**<br><br>**Дескриптор.**<br>1.Өлең не туралы екенін айтты.<br>2.Өлеңдегі негізгі ойды анықтады.<br>3.Қарамен жазылған сөздерді көшіріп жазды.<br><br>**Қ/Б. «Шапалақ»**<br><br>**Жеке жұмыс. 42-жаттығу. Көп нүктенің орнына к, г әріптерінің тиістісін қойып, өлеңді көшіріп жазады.**<br>Халқымыздың сенімі,<br>Жақсылардың серігі.<br>Күрестерде шыныққан,<br>Ағаларға мен іні.<br><br>**Дескриптор.**<br>1.К, г дыбыстары туралы айтты.<br>2.Серік сөзінің қандай өзгеріске ұшырағанын айтты. |
| Сергіту сәті<br>2 минут | ***Сергіту сәті «Мен қазақпын»***<br>**Ұ/Б: «Басбармақ»** |
| Аяқталуы 15 минут | **Дәптермен жұмыс.**<br>**ТЖ. 43-жаттығу. Бос төркөздерге тиісті әріптерді қойып, шыққан мақалды оқы.**<br><br>**Дескриптор.**<br>1.К дыбысына і дыбысын қосып оқыды.<br>2.Шыққан сөзді оқып берді.<br><br>**Қ/Б. «Бағдаршам» әдісі.**<br><br>**Жұптық жұмыс.**<br>**44-жаттығу. Өлеңді тыңда**<br>Атам мені «құлыным» дейді<br>Әжем мені «боташым» дейді<br>Әкем мені «шырағым» дейді<br>Шешем мені «қозым» дейді<br>«Айналайын, жаным!» дейді<br>Ал, шынында, мен кіммін?<br><br>**Дескриптор.**<br>1.Өлең не туралы екенін анықтады.<br><br>**Қ/Б. «Басбармақ» әдісі.** |

| | | |
|---|---|---|
| **Үйге тапсырма: 45-ж, 59-бетте.** | | |
| **Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?** | **Бағалау – Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?** | |
| **Рефлексия**<br>Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма?<br>Бүгін оқушылар не білді?<br>Сыныптағы ахуал қандай болды?<br>Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма?<br>Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен? | Кері байланыс | |
| **Қорытынды бағамдау**<br>Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1:<br>2:<br>Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1:<br>2:<br>Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім? | | |

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.